



Батыс Қазақстан облысы өнеркәсібі

*Орындаған: Көшербай Қ.
Экл 15-1*

Жоспары

- *1. Батыс Қазақстан облысы*
- *2. Өнеркәсібі*
- *4. Экологиялық проблемалары*

Батыс Қазақстан облысы



Батыс Қазақстан облысы



- **Облыс орталығы:**Орал
- **Құрылған уақыты:**1868 жылы
- **Аудандар саны:**12
- **Тұрғыны:**629 932 адам(2015 жыл)
- **тығыздығы:**4,06 адам/км²
- **Ұлттық құрамы**
 - қазақтар 74,69 %
 - орыстар 20,63 %
 - украиндар 1,60 %
 - татарлар 1,35 %
 - басқалары 1,73% (2015ж.)
- **Жер аумағы:**8-ші орын
- **Барлығы:**151 339 км²
- **Экономикалық ауданы:**Батыс Қазақстан



Қысқаша мәлімет

Орал – қала (1775 жылдан), Батыс Қазақстан облысының орталығы (1932 жылдан), ірі темір жол станциясы, Жайық бойындағы өзен порты, әуе жолдарының торабы. Қала Батыс Қазақстан Жайық өзенінің жағасында орналасқан.

Ол Қазақстанның солтүстік-батыс аймағында орналасқан. Ресей Федерациясының Астрахань, Волгоград, Саратов, Самара, Орынбор облыстарымен және Қазақстанның Атырау, Ақтөбе облыстарымен шектеседі. Өкімі - Оразов Самиғолла Хамзайұлы.



Машина жасау және металл өңдеу

Қазіргі кезде бұл саладағы өндірістің негізгі бөлігі «Орал-Зенит зауыты», «Орал «Металлист» зауыты», АҚК, «Омега», «Гидроприбор» ҒЗИ, «Орал арматура зауыты» - ның үлесіне тиіп отыр. Бұл кәсіпорындарда осы заман талабына сай кәсіп өндірістік корпустар мен құрал-жабдықтар бар, тәжібиелі де ылекті жұмысшы және инженер-техник кадрлар легі қалыптасқан. Олардың шығарған өнімдері ТМД елдеріне де, шетел тұтынушыларына да кеңінен танымал.



Құрылыс материалдары

Облыста құрылыс материалдары өнеркәсібін дамытуға мүмкіндігі мол. Геологтар 100-ден астам кен орындар барлап, цемент өндіруге шикізаттар көзін, құм-қиыршық қоспасын, бетон мен қабырға материалдарын ауыстыратын жеңіл түзілімдер қорын тапты. Мұның келешекте облыс аумағына шеттен цемент, гипс, қиыршық тас, құм және тағы басқа материалдар тасымалдау шығынын шегеруге мүмкіндік бермек. Қазіргі кезде жергілікті құрылыс индустриясының сапында *«Орал құрылыс материалдарды өндірістік белгісі»* (УПОСМ), *«Орал әк зауыты»* (УИЗ), *«Орал силикатты кірпіш зауыты»* (УЗСК), акциялық қоғамдары толық өндірістік қуатпен жұмыс істеуде. Соңғы кездерде Ақсуат пен Тасқала маңындағы шикізат игеру мақсатында, «Орал цемент» кәсіпорыны құрылып, зәру өнім түрімен Батыс Қазақстан аумағын - Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе сондай-ақ, Қызылорда мен Қостанай облыстың құрылыс алаңдарын қамтамасыз етуге жұмсануда. Жол құрылысын жақсарту үшін Орпл асфальт-бетон зауытымен қатар Ақсай қаласы мен Жәнібек ауданында осындай кәсіп орыне іске қосылмақ. Орман және ағаш өңдеу кәсібінде де 1997 жылдан өндіріс көлемі артып келеді. 1963 жылдан бастап, Орал қаласында іске қосылған «Орал жиһазы» комбинатының «Сатурн», «Слава», тағы басқа үй жиһаздары әлі күнге дейін жоғары сұранысқа ие.

Отын энергетика кешені

Республика бойынша алғанда газ конденсатын өндіру көлемінің 99% облыс еншесіне тиіп отыр. Қарашығанақ кен орны игерілгеннен бастап көмірсутегін ел игілігіне жарату көрсеткіші жоғары деңгейге жетіп, 2000 жылы 4675,8 млн.м³ табиғи газ, 4628,5 мың т газ конденсаты өндірілген. Қазіргі кезде Қарашығанақ өңдеу кешенін (ҚӨК) 2003 жылы түгелдей қосу үшін қарқынды құрылыс жұмыстары жүргізілуде. 1998 жылы «Конденсент» акционерлік қоғамы кен орындағы шағын тоннажды мұнай өңдеу зауытының алғашқы бөлігін пайдалануға берді. Келешекте кәсіпорынның жылына 125 мың т.бензин, 130 мың т дизельдік май, 90 мың т мазут шығаратын екінші бөлігі салынды. Сонымен қатар негізгі сала әрі экономикалық өрлеу тетігі ретінде облыстың дербес электр энергетикасын дамыту көзделіп отыр.

Тұтыным тауарлары шығаратын өндіріс аясында 1973 жылы негізі қаланған «Диана» ААҚ жетекші орын алып келеді. Оның өнімдері ғана емес, ТМД елдері мен шет елге белгілі. Негізінен ерлер костюмдері мен күртелері, әйелдердің қалың киімдерін шығаратын кәсіпорын 1989 жылы Жапонияның, АҚШ-тың, Францияның, Италияның т.б. өнімділігі жоғары құрал-жабдықтарымен қайта жасақталып, жылына 1230 мың дана тігін өнімдерін шығаратын болды. Сонымен қатар 1924 жылы байпақ-киіз басу фабрикасы ретінде құрылған «Аяз» ААҚ да жылына 240 мың жұп байпақпен 240 т техникалық киіз басу қуатына ие. Қазір мұнда тері мен былғары өңдеп, одан жоғары сұраныстағы бұйымдарды – шолақ тон, кеудеше, желбегей т.б. тігіп шығарады. Облыста ет өнімдерін дайындаумен 4 өнеркәсіп орны мен ауылдық жерлердегі 17 шағын цех айналысады.


Қарашығанак Бірлескен Ұйымы, КИО – Қарашығанак кен орнын бірлесе игеру операцияларын басқаратын құрылым. Оған шетелдік «Бритшгаз Интернэшнл» (32,5%), «Аджип» (32,5%) «Тексако» (20%) және «Лукойл» (15%) компаниялары кіреді. Өндірістік жұмыстарды атқару үшін осы компаниялардың «Қарашығанак Петролеум Оперейтинг БВ» атты қазақстандық филиалы құрылған. Қарашығанак кен орнын игеру технологиясын жетілдіру мақсатында 1995 жылы тапсырысшы тарап – Қазақстан («Қазақойл») мен мердігер ұйым – КИО арасында «Өнімді бөлудің келісімге» (2-кезең) қол қойды. Бұл кезеңде Үлкен Шаған-Атырау құбырын іске қосып, сұйық өнім өндіру қуатын жылына 9 млн т-ға, газды кері айдау мөлшерін 6,5 млрд м³-ге жеткізу көзделді. Сол үшін КИО 2,0 млрд АҚШ доллары мөлшерінде инвестиция салды. Әзірше Қарашығанакта өндірілген көмірсутегі Ресей мен Қазақстан нарығына шығарылуда.

Қарашығанақ мұнай –газконденсат кен орны – облыстың Бөрлі ауданы жерінде, Орал қаласынан шығысқа қарай 150 км. Жерде орналасқан. 1979 жылы ашылған. Көтерілім құрылғының биіктігі 1700 м. Аумағы 16х29 км. Кен шоғыры мұнайлы, газды, конденсатты. Газконденсатты бөлегінің биіктігі 1420 м, мұнай қабатының қуаты 200 м. Биогермдік және биоморфті-детритті әктас, доломит т.б. әр түрлі ауыспалы жыныстары өнімді деп саналады. Коллекторлары кеукті, кеукті-ұралы. Кеуктілігінің орташа шамасы мұнайда 9,4 %, газконденсат бөлегінде 10,7%. Газға қаныққан резервуарлық бөлігінің орташа өткізгіштігі 0,08 мкм², мұнайға қаныққан бөлігінікі 0,05 мкм². Газға қаныққан коллеторының орташа пайдала қалыңдығы 200 м. Қаныққан мұнайдікі – 45,7 м. Пермьдік бөлігінің газбен қаныққан коллекторы 0,90 тас-көмір бөлігінікі 0,89. Мұнайға қаныққан коэффициенті 0,92-ге кен. Кен орнының жабындысы-кунгур ярусынын ирень сфитасындағы галит қабатынан тұрады.



Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг

Қала экологиясы



Экологиялық проблемалары

Мұнай-газ өндіруші кәсіпорындардың, мұнай өңдейтін өнеркәсіп орындарының көптеп шоғырлануы салдарынан, облыста қоршаған ортаның ластану қаупінің жоғары дәрежесі сақталып отыр.

Ең маңызды экологиялық проблемаларға мыналар жатады:

Орал қаласының канализациялық тазарту ғимараттарының тозуы, ағынды суларды тазарту тиімділігін арттыру;

Жайық өзені, Деркөл және Шаған өзендерінің, Шалқар көлінің экожүйесін сақтау, облыстың оңтүстік аудандарын сумен қамту объектілерін қалпына келтіру және қайта құру;

өндіріс пен тұтынудың қалдықтарын жинау, өңдеу және іске жарату, жер ресурстарының ластануын алдын алу;

«Лира» объектілерінің ядролық жарылыстары нәтижесінде құрылған жер асты сыйымдылықтардың экологиялық проблемалары, «Азғыр» және «Капустин Яр» әскери полигондарының әсерінен пайда болған экологиялық проблемалар.

Атмосфераның ластануы. Атмосфераға зиянды заттардың шығарылуын жүзеге асыратын мұнай-газ кешені кәсіпорындары, қазандық шаруашылықтар, автокөліктер, элеваторлар ауа бассейнін негізгі ластаушылар болып табылады, облыс бойынша стационарлық көздерден ластану көлемі 2005 жылы 76,4 мың тоннаны, 2009 жылы – 56,0 мың тоннаны құрады.

Су ресурстарының ластануы, ағынды су қалдықтарының көлемі. Облыста ізінше жергілікті жер бедеріне жеткізетін ағынды суды тазалайтын қондырғылары, жинағыштың фильтрі алаңы бар кәсіпорындар жұмыс істейді. Бұл КПО б.в., «Конденсат» ААҚ, «Ақ жол» ХӘ АҚ, «Жайықжылуқуат» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ Орал магистраль газ құбырлары басқармасы.

Жайық өзеніне жіберілетін 2 шартты-таза су: ауыз су дайындайтын станциясынан (“Орал Су Арнасы” МКК), №2 ПР – 10/35 турбинасының салқындататын жүйесінен Орал ЖЭО (“Жайықжылуэнерго” ААҚ) болып отыр.

Үш ағынды суды жинағыш, сонымен қатар екі Орал қаласының ағынды суларын және біреуі – Ақсай қаласының ағынды суын жинақтайтын орын бар.

Радиациялық жағдай. Бүгінгі күнге облыс бойынша радиациялық жағдай тұрақты, облыс аудандарындағы гамма-фон сағатына 5-18 мкР-ді құрайды. Облыста 352493,82 ГБк жиынтық белсенділікті 96 радиоактивті көздерді өз жұмыстарында қолданатын 14 кәсіпорын бар.

Облыс бойынша сәулені иондайтын және радиоактивті ластаушы иесіз қалған көздер табылған жоқ, уранды кен орындары жоқ.

Жер ресурстарының қалдықтармен ластануы. Өңірде қоқыстың контейнерлі жиналуымен тек Орал қаласы мен Ақсай қаласы ғана қамтылған. Тек бұл қалаларда қалдықтар ҚТҚ полигондарында сақталады және сәйкес коммуналдық қызметтері бар.

Қоқыс үйіндісімен алынып жатқан жалпы жер көлемі 551 га, соның ішінде 512 га — заң жүзінде.

Облыстың қатты-тұрмыстық қалдықтары полигондар мен жинағыштарға, сондай-ақ ұйымдастырылған ауыл қоқыстары үйінділеріне шығарылады.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!